

Қамқоршылық кеңес отырысының №2 ХАТТАМАСЫ

2024 жыл «23» ақпан

Кеңестің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қамқоршылық кеңесі

Кеңестің орналасқан жері: Шахан кенті, 14-орам 6 Ақұрылыш

Отырыстың өткізілетін жері: ҚО ББ Шахтинек қаласы ББ «№12 жалпы білім беретін мектебі» ММ

**Қамқоршылық кеңесіне
қатысқандар(ҚҚ мүшелері): 11
Катыспағаны: 3**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024-2025 оқу жылына жоспарланған мектеп асханасы мен спорт залдың кешенді жөндеу жұмыстары туралы.
2. Жалпыға міндетті оқу қорынан тамақтанатын аз қамтылған санатындағы отбасы балаларының тамақтану жағдайы және мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониториг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

2024-2025 оқу жылына жоспарланған мектеп асханасы мен спорт залдың кешенді жөндеу жұмыстары туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Бірінші сұрақ бойынша Рамазанова Эльвира Нуркеновна – мектеп директоры.

2024-2025 жылына мектептің спорт зал мен асханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін жеткізді. Спорт залдың ңшін жіне сыртын, төбесін және мектеп асханасының ас блогына күрделі жөндеу жүргізіліп, толығымен жағартылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, асханаға қажетті құрал-жабдықтар толығымен жағартылады және қабырғалар сырланып, есіктер, едендер ауыстырылды. Кешенді жөндеу жұмысына мемлекеттен 40 млн қаржат бөлінетін болады.

Аталмыш жөндеу жұмысы жаңа оқу жылына дайындаудың аясында жүргізілуде және балалардың қауіпсіз білім алудың жағдай жасауға бағытталып отырғанын айтты.

ШЕШІМ:

2024-2025 оқу жылына жоспарланған мектеп асханасы мен спорт залдың кешенді жөндеу жұмыстары жайлы қамқорлық кеңесі мүшелері толық ақпарат алды және мүмкіндігінше қажет болған жағдайда ҚҚ тарапынан қолдау көрсетілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

2. Жалпыға міндетті оқу қорынан тамақтанатын аз қамтылған санатындағы отбасы балаларының тамақтану жағдайы және мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониториг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ:

Екінші сұрақ бойынша Сарсенбаева Гаухар Алтайбаевна – қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

Биылғы оқу жылында жалпы білім алушылар саны- 217. Бір мезгіл ыстық тамақпен 1-4 сыныптар және аз қамтылған санатындағы 12 отбасының 30 баласы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында екінші және төртінші сабактан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанады. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады.

Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде КТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды.

Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киоі міндettі болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.







Мектептегі ауыз су режимін ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасы қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі. Асханаға кіреберісте окушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар. Дайындалған тағамдардың сыртқы түріне баса назар аударылады, сол себепті біздің аспаздар оған аса мән береді.

ШЕШІМ:

Мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониториг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысы алдағы уақытта жүйелі жалғастырылсын.

Төрайым
Хатшы

Қамқоршылық
кеңесінің
мүшелері

Сарсенбаева Г.А
Рахметжан А

Суюнжановна А.М
Рахманова А.М
Сапакова Ж.Б
Ситахметова А.К
Айтан Ш
Эргашева Г.Б
Мухтарова З.Е
Сарсенбаева Н.Ш
Сейтбекова Г. С
Алимбаева З